

"Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 30 қазандағы № 179 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 карашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімінде орналастыруды қамтамасыз етуді Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру құзыретіне кіретін Еуразиялық экономикалық комиссия департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 30 қазандағы
№ 179 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Сервистерді және заңды күші бар электрондық құжаттарды мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде пайдалану тұжырымдамасы туралы" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 73 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы" 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туарлы нұсқаулық және Жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына рұқсат беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы нұсқаулық туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді ішкі және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ішкі және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Евразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттар алмасуы туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс қимылдың, осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипатталуын қоса алғанда, тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы

процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданылады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мына ұғымдар пайдаланылады, олар мыналарды білдіреді:

"жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына құқық беретін құжат" – жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия немесе жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына рұқсат;

"лицензия" – жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия

"рұқсат" – жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына рұқсат;

"ұлттық дерекқор" – жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына құқық беретін, берілген құжаттар туралы мәліметтерді қамтитын, мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық ресурсы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "импорт" және "экспорт" ұғымдары Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдері тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану". Жалпы процесс лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде іске асырылады.

6. Лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде іске асырылатын жалпы процестің кодтық белгіленімі: Р.АТ.03, 1.0.0-нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаттары:

а) тауарлардың экспортына (импортына) байланысты рәсімдерді оңайлату және жеделдету;

б) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекет) кеден органдарына лицензиялар мен рұқсаттарды беру кезінде теріс пайдалануды болдырмау.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу кажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан лицензиялар мен рұқсаттарды беру туралы, берілген лицензиялардың қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы, берілген лицензиялар мен рұқсаттардың қолданысын тоқтату туралы, сондай-ақ лицензиялардың немесе рұқсаттардың телнұсқаларын беру туралы ақпаратты автоматты түрде алуын қамтамасыз ету;

б) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған, берілген лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияның мүше мемлекеттердің кеден органдарына автоматты түрде ұсынуын қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылар тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылар тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Одақтың: мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан берілген лицензиялар мен рұқсаттар туралы ұлттық дерекқорлардан мәліметтерді алатын; мүше мемлекеттердің кеден органдарының сұрау салуы бойынша берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің кеден органдарына ұсынуды қамтамасыз ететін органы
P.AT.03.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	лицензиялар және (немесе) рұқсаттар беру құқығы берілген: ұлттық дерекқорға берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді енгізуді, сақтауды, жүйеге келтіруді, өзектендіруді және өзгертуді қамтамасыз ететін; ұлттық дерекқордан берілген лицензиялар мен рұқсаттар

		туралы мәліметтерді Комиссияға жіберетін мүше мемлекеттің атқарушы билік органы
P.AT.03.ACT.002	мүше мемлекеттің кеден органы	кедендік рәсімдерді жүзеге асыруға, оның ішінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға тарифтік емес реттеу шараларын қолдануға уәкілеттік берілген: Комиссияда ұлттық дерекқорлардан берілген лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтерді сұрататын; Комиссиядан берілген лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтерді алатын мүше мемлекеттің атқарушы билік органы

3. Жалпы процесс құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:


а) берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну рәсімдері;

б) берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің кеден органына ұсыну рәсімдері.

11. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұлттық дерекқорларды қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етеді және қағаз жеткізгіштерде ресімделетін, берілген лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтерді, берілген лицензиялардың қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы мәліметтерді, берілген лицензиялардың немесе рұқсаттардың қолданысын тоқтату туралы мәліметтерді, сондай-ақ лицензиялардың немесе рұқсаттардың телнұсқаларын беру туралы мәліметтерді Комиссияға ұлттық дерекқорларға өзгерістердің енгізілуіне қарай беруді қамтамасыз етеді. Комиссия мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған мәліметтерді өңдейді және сұрау салуда көрсетілген параметрлерге сәйкес ұлттық дерекқорлардан берілген лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің кеден органдарына ұсынады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы, сондай-ақ Комиссия мен мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияландырылған ақпараттық жүйені пайдаланумен жүзеге асырылады.

12. Келтірілген жалпы процесс құрылымының сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде берілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдерінің арасындағы байланысты және оларды орындау тәртібін көрсететін жалпы рәсімдер схемасы беріледі. Жалпы рәсімдер схемасы UML (унификацияландырылған модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдаланып құрылған және мәтіндік сипаттамамен қамтылған.

4. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну рәсімдер тобы

15. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық дерекқордағы берілген лицензиялар немесе рұқсаттар туралы мәліметтерді өзгерткен кезде басталады


Мүше мемлекеттің уәкілетті органы берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну рәсімдерін орындау кезінде ұлттық дерекқорға өзгерістердің енгізілуіне қарай берілген лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ берілген лицензиялардың қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы, берілген лицензиялар мен рұқсаттардың қолданысын тоқтату туралы, сондай-ақ лицензиялардың немесе рұқсаттардың телнұсқаларын беру (берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді өзгерту) туралы

мәліметтерді Комиссияға жібереді. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 30 қарашадағы № 179 шешімімен бекітілген "Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 30 қарашадағы № 179 шешімімен бекітілген "Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну кезінде "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.001) рәсімі орындалады.

Ұлттық дерекқорға енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді ұсыну кезінде (берілген лицензиялардың қолданысын тоқтата тұрған немесе қайта бастаған, берілген лицензиялар мен рұқсаттардың қолданысын тоқтатқан, сондай-ақ қағаз жеткізгіштерде ресімделетін лицензиялардың немесе рұқсаттардың телнұсқаларын берген жағдайда) " Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.002) рәсімі орындалады.

16. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну рәсімдері тобының сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AT.03.PRC.001	ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынуына арналған
P.AT.03.PRC.002	Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ұлттық дерекқорға енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынуына арналған

5. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің кеден органына ұсыну рәсімдерінің тобы

18. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің кеден органына ұсыну рәсімдері мүше мемлекеттердің кеден

органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салуларды алған кезде орындалады

Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің кеден органына ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің кеден органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түсетін сұрау салулардың мына түрлері өңделеді:

- а) ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу;
- б) ұлттық дерекқорларда қамтылған лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерге толық көлемде немесе белгілі бір күндегі жағдай бойынша сұрау салу;
- в) ұлттық дерекқорларға енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерге сұрау салу.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 30 қарашадағы № 179 шешімімен бекітілген "Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.

Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды мүше мемлекеттің кеден органы мүше мемлекеттің кеден органының ақпараттық жүйесінде сақталатын лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұлттық дерекқорлардағы лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтермен үйлестіру қажеттігін бағалау мақсатында орындайды. Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер бөлігінде толық көлемде сұралады, немесе құжатты берген мүше мемлекеттің уәкілетті органының сәйкестендіргіші бойынша ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат, не мүше мемлекеттің коды бойынша, не құжаттың түрі бойынша, не құжаттың сәйкестендіргіші бойынша сұралады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.AT.03.PRC.003) рәсімі орындалады.

Ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерге сұрау салу мүше мемлекеттің кеден органының ұлттық дерекқорларға енгізілген, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Ұлттық дерекқорларда қамтылған, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар

туралы мәліметтер не толық көлемде (тарихи деректерді ескерумен), не белгілі бір күнге, не мүше мемлекеттің коды бойынша, не құжатты берген мүше мемлекеттің уәкілетті органының сәйкестендіргіші бойынша, не құжаттың түрі бойынша, не құжаттың сәйкестендіргіші бойынша сұратылады. Ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерге толық көлемде сұрау салу мүше мемлекеттің кеден органының ақпараттық жүйесіне лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді алғаш рет енгізген кезде, мысалы, жалпы процесті инициализациялау кезінде, оған жалпы процеске қатысушыны қосқан кезде, істен шығудан кейін ақпаратты қалпы келтірген кезде пайдаланылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алу" (P.AT.03.PRC.004) рәсімі орындалады.

Ұлттық дерекқорларға енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу кезінде сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейін ұлттық дерекқорларға қосылған немесе ұлттық дерекқорларда өзгертілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер ұсынылады. Лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерге сұрау салуда көрсетілген күннен бастап не толық көлемде, не мүше мемлекеттің коды бойынша, не құжатты берген мүше мемлекеттің уәкілетті органының сәйкестендіргіші бойынша, не құжаттың түрі бойынша, не құжаттың сәйкестендіргіші бойынша сұрау салынады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді алу" (P.AT.03.PRC.005) рәсімі орындалады.

19. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің кеден органына ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің кеден органына ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің кеден органына ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің кеден органына ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AT.03.PRC.003	берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің кеден органының ұлттық дерекқорларда қамтылған, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерге сұрау салуының қажеттігін бағалауға арналған
P.AT.03.PRC.004	берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді алу	рәсім сұрау салуда көрсетілген параметрлерге сәйкес ұлттық дерекқорларда қамтылған, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді алуға арналған
P.AT.03.PRC.005	берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді алу	рәсім мүше мемлекеттің кеден органының ақпараттық жүйесіндегі лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұлттық дерекқорлардағы лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтермен үйлестіру үшін ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді алуға арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде өздері туралы мәліметтер берілетін немесе олардан берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілер тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.AT.03.BEN.001	ұлттық дереккор	ұлттық дерекқорларда қамтылған, берілген лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтер
-----------------	-----------------	--

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

22. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мәліметтерді беруінің уақтылығын және толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, өзге де халықаралық шарттарға және Одақ құқығын құрайтын актілерге, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының және (немесе) мүше мемлекеттердің кеден органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

23. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде берілген.

5-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	әлем елдерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.002	валюталар сыныптауышы	сыныптауыш	валюталар кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.003	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық	сыныптауыш	Дүниежүзілік сауда ұйымының Тауарлардың сипаттамалары мен кодтарының үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай Тауар номенклатурасына

	қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)		негізделген тауарлар кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.014	құжаттар мен мәліметтер түрлері сыныптауышы	сыныптауыш	кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.023	өлшем бірлігі сыныптауышы	сыныптауыш	Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 639-1 сәйкес тілдер кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.026	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік және басқару органдарының, сондай-ақ олар уәкілеттік берген ұйымдардың анықтамалығы	анықтамалық	Одақ органдарыны, мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік және басқару органдарының, сондай-ақ олар уәкілеттік берген ұйымдардың тізбесін қамтиды
P.CLS.051	жеке басты куәландыратын құжат түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	жеке басты куәландыратын құжат түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.054	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышы	сыныптауыш	Одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
			шаруашылық жүргізуші субъектілерді Одаққа


P.CLS.068	шаруашылық жүргізуші субъектілерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде мемлекеттік тіркеу кезінде оларды сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	мүше мемлекеттерде мемлекеттік тіркеу кезінде оларды сәйкестендіру әдістерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (шаруашылық жүргізуші субъектіге мемлекеттік тіркеу рәсімін жүргізу кезінде берілетін, мемлекеттік тізімдеме бойынша жазба нөмірінің (кодының) түрі айқындалады)
-----------	---	-------------	--

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну рәсімдері

"Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.001) рәсімі

24. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 4-суретте берілген.



4-сурет. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

25. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұлттық дерекқорға енгізген кезде орындалады.

26. Бірінші болып "Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.OPR.001) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді Комиссияға жібереді.

27. Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AT.03.OPR.002) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия аталған мәліметтерді алады, оларды өңдейді және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жібереді.

28. Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу" (P.AT.03.OPR.003) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мәліметтерді

жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтердің өңделгені туралы алынған хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

29. Комиссияның ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді өңдеуі "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.001) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

30. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну " (P.AT.03.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

"Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AT.03.OPR.001	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.AT.03.OPR.002	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.AT.03.OPR.003	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 9 -кестесінде келтірілген

7-кесте

"Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну " (P.AT.03.OPR.001) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.OPR.001
2	Операция атауы	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарты	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұлттық дерекқорға енгізген кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен

		құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер Комиссияға ұсынылды

8-кесте

"Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AT.03.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.OPR.002
2	Операция атауы	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарты	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді орындаушы алған кезде орындалады ("Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" операциясы (P.AT.03.OPR.001))
5	Шектеулер	Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжат (мәліметтер) деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
		орындаушы берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара

6	Операцияның сипаттамасы	іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған кезде Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы мүше мемлекеттің уәкілетті органын мәліметтерді енгізуге сәйкес келетін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің кодын көрсете отырып хабардар етеді
7	Нәтижелер	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер өңделді, мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жіберілді

9-кесте

"Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу" (P.AT.03.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.OPR.003
2	Операция атауы	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарты	орындаушы берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алған кезде орындайды ("Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AT.03.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
		орындаушы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара

6	Операциясының сипаттамасы	іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны қабылдайды
7	Нәтижелер	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алынды

"Ұлттық дерекқорда өзгертілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.002) рәсімі

31. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

32. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық дерекқордағы берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерге өзгерістер енгізген кезде берілген лицензиялардың қолданысын тоқтата тұрған немесе қайта

басталған, берілген лицензиялар мен рұқсаттардың қолданысы тоқтатылған, сондай-ақ қағаз жеткізгіштерде ресімделетін лицензиялардың немесе рұқсаттардың телнұсқаларын берген кезде орындалады.

33. Бірінші болып "Ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы берілген лицензиялардың қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастау, берілген лицензиялар мен рұқсаттардың қолданысын тоқтату, сондай-ақ қағаз жеткізгіштерде ресімделетін лицензиялардың немесе рұқсаттардың телнұсқаларын беру туралы мәліметтерді Комиссияға жібереді.

34. Берілген лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастау, берілген лицензия мен рұқсаттың қолданысын тоқтату, сондай-ақ қағаз жеткізгіштерде ресімделетін лицензияның немесе рұқсаттың телнұсқасын беру туралы мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AT.03.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия аталған мәліметтерді алады, оларды өңдеуді орындайды және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жібереді.

35. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама келіп түскен кезде "Ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу" (P.AT.03.OPR.006) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мәліметтерді жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы аталған мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

36 Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастау, берілген лицензия мен рұқсаттың қолданысын тоқтату, сондай-ақ қағаз жеткізгіштерде ресімделетін лицензияның немесе рұқсаттың телнұсқасын беру туралы мәліметтердің Комиссияда өңделуі "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.002) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

37. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 10-кестеде келтірілген.

10-кесте

"Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.AT.03.OPR.004	ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.AT.03.OPR.005	ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.AT.03.OPR.006	ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген

11-кесте

"Ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.OPR.004) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.OPR.004
2	Операция атауы	ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарты	ұлттық дерекқордағы берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер өзгертілген кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл Регламентіне сәйкес ұлттық дерекқорға енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді Комиссияға жібереді (берілген лицензиялардың қолданысын тоқтата тұрылған немесе қайта басталған, берілген лицензиялар мен рұқсаттардың қолданысы тоқтатылған, сондай-ақ қағаз жеткізгіштерде ресімделетін лицензиялардың немесе рұқсаттардың телнұсқалары берілген жағдайда)
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорда өзгертілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер Комиссияға ұсынылды

"Ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.АТ.03. OPR.005) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	Р.АТ.03. OPR.005
2	Операция атауы	ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарты	орындаушы ұлттық дерекқорда өзгертілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну" (Р.АТ.03. OPR.004) операциясы)
5	Шектеулер	Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжат (мәліметтер) деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы ұлттық дерекқорда өзгертілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді қабылдайды және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы мүше мемлекеттің уәкілетті органын Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ұсынылған мәліметтердің өңделгені туралы мәліметтерді өзгертуге сәйкес келетін мәліметтерді өзгерту нәтижесінің кодын көрсете отырып хабардар етеді

7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорда өзгертілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер өңделді, ұсынылған мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді
---	-----------	--

13-кесте


"Ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу" (P.AT.03.OPR.006) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.OPR.006
2	Операция атауы	ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарты	орындаушы ұлттық дерекқорда өзгертілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Мәліметтерді қабылдау және өңдеу ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы" (P.AT.03.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны қабылдайды
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорда өзгертілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алынды

2. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің кеден органына ұсыну рәсімдері

"Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.AT.03.PRC.003) рәсімі

38. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" рәсімін орындау схемасы (P.AT.03.PRC.003) 6-суретте берілген.



6-сурет. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.AT.03.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

39. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.AT.03.PRC.003) рәсімін мүше мемлекеттің кеден органы ұлттық дерекқорлардағы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу мақсатында мүше мемлекеттің кеден органының ақпараттық жүйесінде сақталатын лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұлттық дерекқорлардағы лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтермен үйлестіру қажеттігін бағалау үшін орындайды.

40. Бірінші болып "Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.AT.03.OPR.007) операциясы орындалады, оның орындалу

нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің кеден органы Комиссияға ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу жібереді.

41. Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.AT.03.OPR.008) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты мүше мемлекеттің кеден органына жібереді.

42. Мүше мемлекеттің кеден органына ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат келіп түскен кезде "Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.AT.03.OPR.009) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат ұсынуға сұрау салуды жіберген мүше мемлекеттің кеден органы алынған ақпаратты өңдеуді жүзеге асырады.

43. Мүше мемлекеттің кеден органының ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алуы "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.AT.03.PRC.003) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

44. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.AT.03.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 14-кестеде келтірілген.

14-кесте

"Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.AT.03.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AT.03.OPR.007	ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.AT.03.OPR.008	ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген
P.AT.03.OPR.009	ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген

15-кесте

"Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.AT.03.OPR.007) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.OPR.007
2	Операция атауы	ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің кеден органы
4	Орындау шарты	ұлттық дерекқорлардағы, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алуға сұрау салуды қалыптастырады және мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жібереді. ұлттық дерекқорларда мүше мемлекеттердің белгілі бір уәкілетті органдары өзгерткен, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну қажет болған кезде сұрау салуда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сәйкестендіргіштері көрсетіледі. Белгілі бір мүше мемлекеттердің ұлттық дерекқорларында өзгертілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну қажет болған кезде сұрау салуда мүше мемлекеттердің кодтары көрсетіледі. Белгілі бір лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат ұсыну қажет болған кезде сұрау салуда

		осы лицензияның немесе рұқсаттың сәйкестендіргіші көрсетіледі. Рұқсат құжатының белгілі бір түрі бойынша ақпарат ұсыну қажет болған кезде (оның ішінде лицензия типі бойынша) сұрау салуда осы рұқсат құжаты түрінің коды немесе лицензия типі көрсетіледі
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алуға арналған сұрау салу Комиссияға жіберілді

16-кесте

"Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (Р.АТ.03.ОПР.008) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	Р.АТ.03.ОПР.008
2	Операция атауы	Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарты	ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу келіп түскен кезде орындалады ("Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (Р.АТ.03.ОПР.007) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды тексеруді орындайды. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы регламентіне сәйкес сұрау салуға жауап жібереді. Ұлттық дерекқорлардан

		лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді олардың соңғы жаңарту күні мен уақытын айқындау үшін таңдап алу не толық көлемде (барлық ұлттық дерекқорлар бойынша), не сұрау салуда көрсетілген параметрлер ескеріле отырып жүзеге асырылады
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорлардағы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат мүше мемлекеттің кеден органына ұсынылды


17-кесте

"Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.AT.03.OPR.009) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.OPR.009
2	Операция атауы	ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің кеден органы
4	Орындау шарты	орындаушы ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алған кезде орындалады ("Ұлттық дерекқорларды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.AT.03.OPR.008) операциясы)
5	Шектеулер	Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы алынған ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеуді орындайды
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорлар мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алынды

"Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алу" (P.AT.03.PRC.004) рәсімі

45. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алу" (P.AT.03.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 7-суретте берілген.



7-сурет. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алу" (P.AT.03.PRC.004) рәсімін орындау схемасы

46. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алу" (P.AT.03.PRC.004) рәсімі мүше мемлекеттің кеден органының ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алуы қажет болған кезде орындалады.

47. Бірінші "Ұлттық дерекқорлардан мәліметтерге сұрау салу" (P.AT.03.OPR.010) операциясы бірінші болып орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің кеден органы ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды Комиссияға жібереді.

48. Ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер ұсынуға сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Ұлттық дерекқорлардағы мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.AT.03.OPR.011) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия мүше мемлекеттің кеден органына сұрау салынған лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді

жібереді. Сұрау салынған лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер ұлттық дерекқорларда болмаған жағдайда Комиссия мүше мемлекеттің кеден органына сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны жібереді.

49. Ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама мүше мемлекеттің кеден органына келіп түскен кезде "Ұлттық дерекқорлардан мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AT.03.OPR.012) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша ұсынылған лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

50. Мүше мемлекеттің кеден органының ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны алуы "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алу" (P.AT.03.PRC.004) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

51. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алу" рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі (P.AT.03.PRC.004) 18-кестеде келтірілген.

18-кесте

"Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алу" (P.AT.03.PRC.004) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AT.03.OPR.010	ұлттық дерекқорлардан мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.AT.03.OPR.011	ұлттық дерекқорлардағы мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген
P.AT.03.OPR.012	ұлттық дерекқорлардан мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген

19-кесте

"Ұлттық дерекқорлардан мәліметтерге сұрау салу" (P.AT.03.OPR.010) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.OPR.010

2	Операция атауы	ұлттық дерекқорлардан мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің кеден органы
4	Орындау шарты	ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды Комиссияға жібереді. Ұлттық дерекқорлардағы лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді толық көлемде алу қажет болған кезде (тарихи деректерді ескерумен) сұрау салуда жаңартылған күні мен уақыты көрсетілмейді. белгілі бір күнгі жағдай бойынша лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алу қажет болған кезде сұрау салуда жаңарту күні мен уақыты көрсетілуге тиіс. ұлттық дерекқорларға мүше мемлекеттердің белгілі бір уәкілетті органдары енгізген, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну қажет болған кезде сұрау салуда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сәйкестендіргіштері қосымша көрсетіледі. Белгілі бір мүше мемлекеттердің ұлттық дерекқорларынан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер ұсыну қажет болған кезде сұрау салуда мүше мемлекеттердің кодтары қосымша көрсетіледі. Белгілі бір лицензия немесе рұқсат туралы

		мәліметтерді ұсыну қажет болған кезде сұрау салуда осы лицензияның немесе рұқсаттың сәйкестендіргіші қосымша көрсетіледі. Рұқсат құжатының белгілі бір түрі бойынша (оның ішінде лицензия типі бойынша) мәліметтер ұсыну қажет болған кезде сұрау салуда осы рұқсат құжаты түрінің коды немесе лицензия типі қосымша көрсетіледі
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерге сұрау салу Комиссияға жіберілді

20-кесте

"Ұлттық дерекқорлардағы мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (Р.АТ.03.ОПР.011) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	Р.АТ.03.ОПР.011
2	Операция атауы	ұлттық дерекқорлардағы мәліметтерді өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарты	ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерге сұрау салу келіп түскен кезде орындалады ("Ұлттық дерекқорлардан мәліметтерге сұрау салу" (Р.АТ.03.ОПР.010) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
		орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды тексеруді орындайды. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара

6	Операцияның сипаттамасы	іс-қимыл регламентіне сәйкес мүше мемлекеттің кеден органына сұрау салуға жауапты жібереді. Ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді таңдап алу сұрау салуда көрсетілген параметрлерге сәйкес жүзеге асырылады. Ұлттық дерекқорларда сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын , лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер болмаған кезде, орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мүше мемлекеттің кеден органына мәліметтердің жоқтығына сәйкес келетін, өңдеу нәтижесінің кодын көрсете отырып, сұрау салынған мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны жібереді
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер мүше мемлекеттің кеден органына жіберілді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама ұсынылды

21-кесте


"Ұлттық дерекқорлардан мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AT.03.OPR.012) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.OPR.012
2	Операция атауы	ұлттық дерекқорлардан мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің кеден органы
4	Орындау шарты	ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама келіп түскен кезде орындалады ("Ұлттық

		дерекқорлардағы мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.AT.03.OPR.011) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны өңдеуді орындайды
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама алынды

"Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді алу" (P.AT.03.PRC.005) рәсімі

52. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді алу" (P.AT.03.PRC.005) рәсімін орындау схемасы 8-суретте берілген.



8-сурет. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді алу" (P.AT.03.PRC.005) рәсімін орындау схемасы

53. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді алу" (P.AT.03.PRC.005) рәсімі мүше мемлекеттің кеден органының ұлттық дерекқорларға енгізу немесе ұлттық дерекқорларда оларға өзгерістер енгізу сұрау салуда көрсетілген кезден бастап сұрау салу орындалған кезге дейін жүргізілген, ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді алуы қажет болған кезде орындалады. Рәсім "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.AT.03.PRC.003) рәсімін орындау нәтижесінде мүше мемлекеттің кеден органы ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді соңғы рет алған күні мен уақыты ұлттық дерекқорларды жаңартқан соңғы күн мен уақыттан ертерек болған жағдайда да орындалады.

54. Бірінші болып "Ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерге сұрау салу" (P.AT.03.OPR.013) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің кеден органы Комиссияға ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салу жібереді.

55. Ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.AT.03.OPR.014) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия мүше мемлекеттің кеден органына сұрау салуда көрсетілген күннен бастап ұлттық дерекқорларда өзгертілген, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны ұсынады.

56. Ұлттық дерекқорларда өзгертілген, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама мүше мемлекеттің кеден органына келіп түскен кезде "Ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AT.03.OPR.015) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша ұлттық дерекқорларда өзгертілген, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды жіберген мүше мемлекеттің кеден органы алынған өзгертілген мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

57. Мүше мемлекеттің кеден органының ұлттық дерекқорларда өзгертілген, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны алуы "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді алу" (P.AT.03.PRC.005) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

58. "Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді алу" (P.AT.03.PRC.005) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 22-кестеде келтірілген.

22-кесте

"Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді алу" (P.AT.03.PRC.005) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AT.03.OPR.013	ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 23-кестесінде келтірілген
P.AT.03.OPR.014	ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 24-кестесінде келтірілген
P.AT.03.OPR.015	ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 25-кестесінде келтірілген

23-кесте

"Ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерге сұрау салу" (Р.АТ.03.ОПР.013)

операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	Р.АТ.03.ОПР.013
2	Операция атауы	ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің кеден органы
4	Орындау шарты	ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтер алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуда көрсетілген жаңарту күні мен уақытынан бастап сұрау салу орындалған кезге дейін ұлттық дерекқорларда өзгертілген, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды Комиссияға жібереді. Мүше мемлекеттердің белгілі бір уәкілетті органдары ұлттық дерекқорларда өзгертілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсынуы қажет болған кезде сұрау салуда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сәйкестендіргіштері көрсетіледі. Белгілі бір мүше мемлекеттердің ұлттық дерекқорларында өзгертілген, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер ұсыну қажет болған кезде сұрау салуда мүше мемлекеттердің кодтары көрсетіледі. Белгілі бір лицензияға немесе рұқсатқа енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер

		ұсыну қажет болған кезде сұрау салуда осы лицензияның немесе рұқсаттың сәйкестендіргіші көрсетіледі. Рұқсат құжатының белгілі бір түрі бойынша (оның ішінде лицензия типі бойынша) өзгертілген мәліметтер ұсыну қажет болған кезде сұрау салуда осы рұқсат құжаты түрінің коды немесе лицензия типі көрсетіледі
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорлардан өзгертілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер алуға сұрау салу Комиссияға жіберілді

24-кесте

"Ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (Р.АТ.03.ОПР.014) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	Р.АТ.03.ОПР.014
2	Операция атауы	Ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарты	ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтер ұсынуға сұрау салу келіп түскен кезде орындалады ("Ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерге сұрау салу" (Р.АТ.03.ОПР.013) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
		орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды тексеруді орындайды. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия

6	Операцияның сипаттамасы	арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді қамтитын сұрау салуға жауапты жібереді немесе мәліметтердің жоқтығына сәйкес келетін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің кодын көрсете отырып, сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны жібереді. сұрау салуда көрсетілген жаңарту күні мен уақытынан бастап сұрау салу орындалған кезге дейін ұлттық дерекқорларда өзгертілген, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді таңдап алу сұрау салуда көрсетілген параметрлерге сәйкес жүзеге асырылады
7	Нәтижелер	мүше мемлекеттің кеден органына ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтер ұсынылды немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама жіберілді

25-кесте

"Ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.АТ.03.ОПР.015) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	Р.АТ.03.ОПР.015
2	Операция атауы	ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің кеден органы
4	Орындау шарты	ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама келіп түскен кезде

		орындалады ("Ұлттық дерекқорлардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (Р.АТ.03.ОПР.014) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған, ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны өңдеуді орындайды
7	Нәтижелер	ұлттық дерекқорлардан лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы өзгертілген мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама алынды

IX. Штаттан тыс жағдайларда әрекет ету тәртібі

59. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде штаттан тыс жағдайлар орын алуы ықтимал, олар орын алған кезде деректерді өңдеу кәдімгі режимде жүргізілмейді. Бұл техникалық ақаулар, құрылымдық және форматтық-логикалық бақылаудағы қателер кезінде және басқа жағдайларда болуы мүмкін.

60. Құрылымдық және форматтық-логикалық бақылауда қателер орын алған жағдайда мүше мемлекеттің уәкілетті органы өзіне қатысты қате туралы хабарлама алынған хабарды Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес, сондай-ақ Мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымының сипаттамасына және осы жалпы процесс үшін электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Мәліметтердің аталған құжаттардың талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда мүше мемлекеттің уәкілетті органы анықталған қатені белгіленген тәртіппен жою үшін қажетті шараларды қабылдайды.

61. Күтпеген жағдайларды шешу мақсатында осы Қағидаларда көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету құзыретіне жататын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары туралы мүше мемлекеттер бір-біріне және Комиссияға хабарлайды, сондай-ақ жалпы процесті іске асыру кезінде техникалық қолдауды қамтамасыз ету үшін жауапты адамдар туралы мәліметтер ұсынады.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 30 қазандағы
№ 179 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті

I. Жалпы ережелер

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Сервистерді және заңды күші бар электрондық құжаттарды мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде пайдалану тұжырымдамасы туралы" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 73 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы" 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулық және Жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына рұқсат беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы нұсқаулық туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді ішкі және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ішкі және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 Шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Евразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттар алмасуы туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылардың Лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде "Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) транзакцияларын орындау тәртібі мен шарттарын біркелкі қолдануды қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

3. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруға тікелей бағытталған жалпы процесс операцияларын орындау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

4. Осы Регламентті жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер құрауыштарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

5. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мына ұғымдар пайдаланылады, олар мыналарды білдіреді:

"авторлық беру" – жалпы процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір іс-қимылды орындауға құқық беру;

"электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемесі" – электрондық құжаттың (мәліметтердің) белгілі бір контексте ажырағысыз болып саналатын деректер бірлігі.

"Бастамашы", "бастамашы операция", "қабылдау операциясы", "респондент", "жалпы процесс хабары" және "жалпы процесс транзакциясы" ұғымдары осы Регламентте Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарда пайдаланылады. Осы Регламентте пайдаланылатын өзге ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 30 қазандағы № 179 шешімімен бекітілген "Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы негізгі мәліметтер

1. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

6. Жалпы процесс шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылардың рөлдер тізбесі 1-кестеде берілген.

1-кесте

Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылардың рөлдер тізбесі

Рөлдің атауы	Рөлдің сипаттамасы	Рөлді орындайтын қатысушы
1	2	3
Мәліметтердің иесі	ұлттық дерекқорды жүргізуді жүзеге асырады, Еуразиялық экономикалық комиссияға берілген лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсынады	мүше мемлекеттің уәкілетті органы ¹ (P.AT.03.ACT.001)
Үйлестіруші	ұлттық дерекқордағы лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтерді қабылдауды жүзеге асырады	Комиссия (P.ACT.001)

2. Ақпараттық өзара іс-қимыл құрылымы

7. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық

экономикалық комиссия (бұдан әрі, тиісінше – мүше мемлекеттер, Комиссия) арасында жалпы процесс рәсімдеріне сәйкес берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтер ұсыну кезінде жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл құрылымы 1-суретте берілген.

¹ Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушының рөлін мүше мемлекеттердің бірнеше уәкілетті органы орындауы мүмкін.



1-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл құрылымы

8. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс шеңберінде іске асырылады. Жалпы процесс құрылымы Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында айқындалған.

9. Ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс транзакцияларын орындау тәртібін айқындайды, олардың әрқайсысы жалпы процеске қатысушылар арасында жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйін үйлестіру мақсатында хабарлар алмасуды білдіреді. Әрбір ақпараттық өзара іс-қимыл үшін операциялар мен осындай операцияларға сәйкес келетін жалпы процесс транзакциялары арасындағы өзара байланыс айқындалған.

10. Жалпы процесс транзакциясын орындау кезінде бастамашы өзі жүзеге асыратын операция (бастама операция) шеңберінде респондентке сұрау салу-хабарын жібереді, оған жауап ретінде респондент өзі жүзеге асыратын операция (қабылдаушы операция) шеңберінде жалпы процесс транзакциясының шаблонына қарай жауап-хабар жіберуі мүмкін немесе жібермеуі мүмкін. Хабардың құрамындағы деректер құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 30 қазандағы № 179 шешімімен бекітілген "Тауарлардың сыртқы саудасы саласында берілген лицензиялар, рұқсаттар және қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты бөлігінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен

мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.


11. Жалпы процесс транзакциялары осы Регламентте айқындалғандай жалпы процесс транзакцияларының берілген параметрлеріне сәйкес орындалады.

12. Бір рөлді бірнеше жалпы процеске қатысушы орындауы мүмкін жағдайларда хабарлардың бағыт-бағдарын көрсету рәсімдерін орындау мақсатында жалпы процеске қатысушының логикалық мекенжайын қалыптастыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімімен бекітілген Ішкі және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларының 52-тармағына сәйкес мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының не ол уәкілеттік берген ұйымның сәйкестендіргіші қосымша көрсетіледі.

Мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының не ол уәкілеттік берген ұйымның сәйкестендіргіші Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының VII бөлімінде көрсетілген мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының анықтамалығына сәйкес көрсетіледі.

V. Рәсімдер топтары шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

13. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну кезінде жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы 2-суретте берілген. Әрбір жалпы процесс рәсімі үшін жалпы процестің операциялары, ақпараттық объектілерінің аралық және нәтижелік жай-күйлері мен жалпы процесс транзакциялары арасындағы байланыс 2-кестеде берілген.



2-сурет. Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну кезінде жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы
2-кесте

Берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының тізбесі

Р/с №	Бастамашы орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің аралық жай-күйі	Респондент орындайтын операция	Жалпы процесс объектісінің нәтижелік жай-күйі	Жалпы процесс транзакциясы
1	2	3	4	5	6
1	Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну (P.AT.03.PRC.001)				
1.1	Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну (P.AT.03.OPR.001). Берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені	ұлттық дерекқор (P.AT.03.BEN.001): мәліметтер берілді	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.AT.03.OPR.002)	ұлттық дерекқор (P.AT.03.BEN.001): мәліметтер өңделді	ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы

	туралы хабарламаны алу (P.AT.03. OPR.003)				мәліметтерді ұсыну (P.AT.03. TRN.001)
2	Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну (P.AT.03.PRC.002)				
2.1	Ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну (P.AT.03. OPR.004). Ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу (P.AT.03. OPR.006)	ұлттық дерекқор (P.AT.03.BEN .001): өзгертілген мәліметтер берілді	ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.AT.03. OPR.005)	ұлттық дерекқор (P.AT.03.BEN .001): өзгертілген мәліметтер өңделді	ұлттық дерекқорда өзгертілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну (P.AT.03. TRN.002)

VI. Жалпы процесс хабарларының сипаттамасы

14. Жалпы процесті іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде берілетін жалпы процесс хабарларының тізбесі 3-кестеде берілген. Хабардың құрамындағы деректер құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымының сипаттамасындағы тиісті құрылымға сілтеме 3-кестенің 3-бағанының мәні бойынша белгіленеді.

3-кесте


Жалпы процесс хабарларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Электрондық құжаттың (мәліметтердің) құрылымы
1	2	3
P.AT.03.MSG.001	ұлттық дерекқорға енгізілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер	лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер (R.СТ.AT.03.001)
P.AT.03.MSG.002	мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама	өңдеу нәтижесі туралы хабарлама (R.006)
P.AT.03.MSG.003	ұлттық дерекқорда өзгертілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер	лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер (R.СТ.AT.03.001)

VII. Жалпы процесс транзакцияларының сипаттамасы

1. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.TRN.001) жалпы процесс транзакциясы

15. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну" жалпы процесс транзакциясы (P.AT.03.TRN.001) бастамашының респондентке тиісті мәліметтерді ұсынуы үшін орындалады. Көрсетілген жалпы процесс транзакциясын орындау схемасы 3-суретте берілген. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 4-кестеде келтірілген.



3-сурет. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.TRN.001) жалпы процесс транзакциясын орындау схемасы

4-кесте


"Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.TRN.001) жалпы процесс транзакциясының сипаттамасы

Р/с №	Міндетті элемент	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.TRN.001
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсыну
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблоны	сұрау салу/жауап
4	Бастамашы рөл	бастамашы
5	Бастама операция	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну

6	Ден қою рөлі	респондент
7	Қабылдау операциясы	берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
8	Жалпы процесс транзакциясын орындау нәтижесі	ұлттық дерекқор (P.AT.03.BEN.001): мәліметтер өңделді
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері:	
	алуды растау үшін уақыт	—
	өңдеуге қабылданғанын растау уақыты	15 мин
	жауапты күту уақыты	1 сағ
	авторлық беру белгісі	иә
	қайталаулар саны	3
10	Жалпы процесс транзакциясының хабарлары:	
	бастама хабар	ұлттық дерекқорға енгізілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер (P.AT.03.MSG.001)
	жауап хабар	мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама (P.AT.03.MSG.002)
11	Жалпы процесс транзакциясы хабарларының параметрлері:	
	ЭЦҚ белгісі	жоқ (жалпы процесс шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде ЭЦҚ қолдану Комиссия Алқасының тиісті шешімімен көзделген жағдайларды қоспағанда) (P.AT.03.MSG.001) жоқ (P.AT.03.MSG.002)
	ЭЦҚ дұрыс емес электрондық құжатты беру	—

2."Ұлттық дерекқорда өзгертілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.TRN.002) жалпы процесс транзакциясы

16. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.TRN.002) жалпы процесс транзакциясы бастамашының респондентке тиісті мәліметтерді ұсынуы үшін орындалады. Көрсетілген жалпы процесс транзакциясын орындау схемасы 4-суретте берілген. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 5-кестеде келтірілген.



4-сурет. "Ұлттық дерекқорда өзгертілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну " (P.AT.03.TRN.002) жалпы процесс транзакциясын орындау схемасы

5-кесте

"Ұлттық дерекқорда өзгертілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.AT.03.TRN.002) жалпы процесс транзакциясының сипаттамасы

Р/с №	Міндетті элемент	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AT.03.TRN.002
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	ұлттық дерекқорда өзгертілген, берілген лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблону	сұрау салу/жауап
4	Бастамашы рөл	бастамашы
5	Бастама операция	ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну
6	Ден қою рөлі	респондент
7	Қабылдау операциясы	ұлттық дерекқорға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
8	Жалпы процесс транзакциясын орындау нәтижесі	ұлттық дерекқор (P.AT.03.BEN.001): өзгертілген мәліметтер өңделді
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері:	
	алуды растау үшін уақыт	—

	өңдеуге қабылданғанын растау уақыты	15 мин
	жауапты күту уақыты	1 сағ
	авторлық беру белгісі	иә
	қайталаулар саны	3
10	Жалпы процесс транзакциясының хабарлары:	
	бастама хабар	ұлттық дереккорда өзгертілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер (P.AT.03.MSG.003)
	жауап хабар	мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама (P.AT.03.MSG.002)
11	Жалпы процесс транзакциясы хабарларының параметрлері:	
	ЭЦҚ белгісі	жоқ (жалпы процесс шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде ЭЦҚ қолдану Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының тиісті шешімімен көзделген жағдайларды қоспағанда) (P.AT.03.MSG.003) жоқ (P.AT.03.MSG.002)
	ЭЦҚ дұрыс емес электрондық құжатты беру	—

VIII. Штаттан тыс жағдайларда әрекет ету тәртібі

17. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде штаттан тыс жағдайлар орын алуы ықтимал, мұнда деректерді өңдеу әдеттегі режимде жүргізілмейді. Штаттан тыс жағдайлар техникалық іркіліс кезінде, күту уақыты өткен кезде және өзге де жағдайларда туындайды. Жалпы процеске қатысушының штаттан тыс жағдайлардың туындау себептері туралы түсіндірмелер және оны шешу жөнінде ұсынымдар алуы үшін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің қолдау қызметіне тиісті сұрату жіберу мүмкіндігі көзделген. Штаттан тыс жағдайларды шешу жөніндегі жалпы ұсынымдар 6-кестеде берілген.

18. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы қателік туралы хабар алынған хабарламаны Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және осы Регламенттің IX бөлімінде көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізеді. Көрсетілген талаптарға сәйкессіздік анықталса, мүше мемлекеттің уәкілетті органы анықталған қателерді жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Егер сәйкессіздік анықталмаса, мүше мемлекеттің уәкілетті органы осы штаттан тыс жағдай сипатталған хабарламаны сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесін қолдау қызметіне жібереді.

Штаттан тыс жағдайлардағы әрекеттер

Штаттан тыс жағдайдың коды	Штаттан тыс жағдайдың сипаттамасы	Штаттан тыс жағдайдың себептері	Штаттан тыс жағдай туындаған кездегі әрекеттің сипаттамасы
1	2	3	4
P.EXC.002	жалпы процестің екіжақты транзакциясы бастамашысы келісілген қайталау саны өткен соң жауап хабарламаны алған жоқ	көлік жүйесіндегі техникалық іркілістер немесе бағдарламалық қамтамасыз етудегі жүйелік қате	хабарлама қалыптастырылған ұлттық сегменттің техникалық қолдау қызметіне сұрау салуды жіберу қажет
P.EXC.004	жалпы процесс транзакциясының бастамашысы қате туралы хабарлама алды	анықтамалықтар мен сыныптауыштар үйлестірілмеген немесе электрондық құжаттардың (мәліметтердің) XML-схемалары жаңартылмаған	жалпы процесс транзакциясы бастамашысының пайдаланылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштарды үйлестіруі немесе электрондық құжаттардың (мәліметтердің) XML-схемасын жаңартуы қажет. Егер (анықтамалықтар мен сыныптауыштар үйлестірілсе, электрондық құжаттардың (мәліметтердің) XML-схемалары жаңартылса, қабылдайтын қатысушының қолдау қызметіне сұрау салуды жіберу қажет.

IX. Электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптар

19. "Ұлттық дерекқорға енгізілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер" (P.AT.03.MSG.001) хабарында берілетін "Лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер" (R.ST.AT.03.001) электрондық құжаттардың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

"Ұлттық дерекқорға енгізілген, лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер" (P.AT.03.MSG.001) хабарында берілетін "Лицензия немесе рұқсат туралы мәліметтер" (R.ST.AT.03.001) электрондық құжаттардың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар

--	--

Талаптың коды	Талаптың тұжырымы
1	электрондық құжатта (мәліметтерде) "Жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына құқық беретін құжат туралы мәліметтер" деректемесінің бір данасы ғана қамтылуға тиіс (ctsdo:RegisterPermitLicenseDetails)
2	Комиссия бұрын ұлттық дерекқорлардан алған, берілген лицензиялар және (немесе) рұқсаттар туралы мәліметтерде "Жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына құқық беретін құжаттың нөмірі" деректемесінің мынадай мәні бар мәліметтер қамтылмауға тиіс (ctsdo:PermitLicenseDocIdDetails)
3	егер "Жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына арналған лицензия типінің коды" (ctsdo:IELicenseKindCode) деректемесі толтырылса, онда оның мәні мына мәндердің біріне сәйкес келуге тиіс: "01" – бас; "02" – біржолғы; "03" – ерекше
4	"Тауарды тасымалдау бағыты түрінің коды" (ctsdo:IEKind Code) деректемесінің мәні мына мәндердің біріне сәйкес келуге тиіс: "ИМ" – импорт; "ЭК" – экспорт
5	егер "Ел туралы мәліметтер түрінің коды" деректемесі (ctsdo:CountryInformationKindCode) толтырылса, онда оның мәні мына мәндердің біріне сәйкес келуге тиіс: "00" – ел туралы мәліметтер жоқ (белгісіз); "99" – бірнеше ел анықталды; "EU" – Еуропалық одақ елдеріне жататын бірнеше ел анықталды
